

ҰЛЫТАУ ОБЛЫСЫ БІЛІМ
БАСҚАРМАСЫНЫҢ
ҚАРАЖАЛ ҚАЛАСЫ БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ
«№30 ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕБІ»
КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК
МЕКЕМЕСІ



КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ
«ОБЩЕОБРАЗОВАТЕЛЬНАЯ ШКОЛА №30»
ОТДЕЛА ОБРАЗОВАНИЯ
ГОРОДА КАРАЖАЛ УПРАВЛЕНИЯ
ОБЛАСТИ УЛЫТАУ

БҮЙРЫҚ

06.01.2025 ж.

Жайрем кенті

ПРИКАЗ

№ 3

поселок Жайрем

**Қаражал қаласының білім бөлімінің
«№30 ЖББМ» КММ оқушыларын ыстық
тамақпен қамтамасыз ету
туралы» 2024 жылғы 02 қыркүйегіндегі № 83
бұйрығына өзгеріс енгізу туралы**

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Заңына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 12 наурызындағы №320 «Әлеуметтік көмек көрсетілетін азаматтарға әлеуметтік көмектің мөлшерін, көздерін, түрлерін және оны беру қағидаларын бекіту туралы» Қаулысына, Қазақстан Республикасы Білім және Ғылым министрінің 2018 жылғы №598 «Мемлекеттік орта білім беру ұйымдарында, мектептен тыс қосымша білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру, сондай-ақ, мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды сатып алу қағидаларын бекіту туралы» (Қазақстан Республикасы Оқу – ағарту министрінің 2022 жылғы 7 желтоқсандағы №490 бұйрымен енгізілген өзгерістерді ескере отырып) Қазақстан Республикасы Деңсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5тамыздағы №ҚР ДСМ -76 «Білім беру объектілеріне қойылатын санитарлық эпидемиологиялық талаптар» санитарлық қағидаларын бекіту туралы бұйрығына сәйкес және Ұлытау облыстық мәслихатының XXIII сессиясының 2024 жылғы 24 желтоқсанындағы №211 «2025-2027 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» шешіміне сәйкес және Ұлытау облысының білім басқармасының 2024 жылғы 24 желтоқсанындағы № 382-Н бұйрығына сәйкес және Қаражал қаласы білім бөлімінің 2025 жылғы 05 қаңтардағы №2 бұйрығына сәйкес,
БҮЙЫРАМЫН:

1. 2025 жылдың 9 қаңтардан бастап жергілікті бюджет қаражаты есебінен тамақтанатын 1-4 сынып білім алушыларын және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы №64 қаулысымен

көзделген бюджет қаражат шеңберінде тамақтанатын 5-11 сынып білім алушыларын бір реттік тегін ыстық тамақтану құны жас ерекшеліктеріне 6 (7)-10жас – ҚҚС қосқанда 603 теңге, 11-14 жас ҚҚС қосқанда 786 теңге және 15-18 жас- қосқанда 814 теңге болып бекітілсін.

2. 1-4 сынып білім алушылары және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы №64 қаулысымен көзделген бюджет қаражат шеңберінде тамақтанатын 5-11 сынып білім алушыларын бір реттік тегін ыстық тамақпен қамтамасыз ету бойынша жұмыс ұйымдастырылсын.

3. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 12.03.2012 №320 Қаулысының №15 қосымшасына сәйкес мектеп оқушыларына үш санатты (6 (7) - жас , 11-14 жас және 15-18 жас) бір реттік ыстық тамақтың ас мәзірі бекітілсін;

4. Тізімге ұсынылған аз қамтылған отбасынан шыққан, мәртебеге ие 5-11 сынып оқушыларының құжаттарын рәсімдеу, тізімін жасау әлеуметтік педагог Т.А. Аманкешовнаға жүктелсін;

5. Жалпы білім беретін мектептердің тамақтану сапасының жүйелі мониторингін және ыстық тамақтануды ұйымдастыру жөніндегі ақпаратты интернет ресурста «Мектептік тамақтандыру» айдарында орналастыруды қамтамасыз етілсін;

6. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Г.К.Мекебаеваға жүктелсін.

Мектеп директорының м.а.:

Ж.Б. Жиенбаева

